



SOCIAL MENTALITY AND RESEARCHER THINKERS JOURNAL

Open Access Refereed E-Journal & Refereed & Indexed

ISSN: 2630-631X



Social Sciences Indexed

www.smartofjournal.com / editorsmartjournal@gmail.com

January 2016

Article Arrival Date: 08.11.2015

Published Date: 30.01.2016

Vol 2 / Issue 2 / pp: 1-6

Ж. Баласағұнның «Құтадғу білік» Шығармасы Тіліндегі Метафоралардың Семантикалық Ерекшелігі

The Semantic Feature Of Metaphor In Language Works "Kutadgu Bilik" J. Balasaguni

Janar ABITZHANOVA

Lecturer, Kazakh State Women's Teacher Training University, Kazakhstan

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Ж. Баласағұнның «Құтадғу білік» шығармасы тіліндегі метафоралардың семантикасы арқылы көк түріктердің дүние жайлы көзқарасы мен мифтік санасы, ежелгі дүниетанымын анықталды. Тілдік бірліктердің ішкі мағыналық-мазмұндық құрылымында этномәдени ақпараттар жүйесі сөз болады.

Түркі халықтарының тарихи мұралары шын мәнінде тарих, мәдениет және тіл тұрғысынан алғанда баға жетпес қазына. Орта ғасыр жазба ескерткіштері – көне тілдің көзі.

Соның бірі – Ж. Баласағұнның «Құтадғу білік» шығармасы. Оның ғылым дүниесіне мәлім болғанына екі жарым ғасырдан артық уақыт өтті. Олар әр алуан зерттеу жұмыстарының объектісі болып келеді, бірақ бұл ескерткіштерде әлі де болса анықтай түсуді, тереңірек талдауды керек ететін жеке мәселелер баршылық.

Түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде, метафораның орны ерекше. Метафора туралы әр түрлі ғылым тұрғысынан сыр шерткен еңбектер баршылық. Алайда Ж. Баласағұнның «Құтадғу білік» шығармасы тіліндегі метафоралардың зерттелуі тілтаным үшін өте маңызды болып табылады. Метафораларды анықтау арқылы ертедегі түркілердің көркем ойлау деңгейінің тілдегі көрінісін айқындай алады. Көне түркі метафоралары бойынша зерттеу нәтижелері қазіргі қазақ метафораларының даму жолын бейнелі пайымдайды.

Ж. Баласағұнның «Құтадғу білік» шығармасы тіліндегі метафораларда ғасырлар тұңғығындағы көк түркілердің тұрмыс-тіршілігі, таным-түсінігі, ой, сана тарихы бейнеленген. Метафораларды сипаттау көне түркілердің көркем ойлау жүйесін анықтаумен бара-бар. Көне тарихи-мәдени мәтін болған соң, онда жанама-туынды метафоралар көбірек табылуы заңды құбылыс.

Тірек сөздер: Метафора, номинативтік метафора, образды метафора, когнитивтік метафора.

ABSTRACT

The semantics feature of metaphor in language works " Kutadgu Bilik " J. Balasaguni

This article discusses the semantics of metaphor in the language of the works "Kutadgu Bilik " J. Balasaguni. In the language of the ancient Turks refined figurative artistic level.

In system semantics of metaphors in language works "Kutadgu Bilik " J. Balasaguni outlook and mythical knowledge is condered. Value a substantial structure internal language units ethno cultural information are attached.

Historical monuments of the Turkish people in truth is in the history of culture to the senomy. Dreena written monuments – a source of a classical language.

One of them – works "Kutadgu Bilik " J. Balasaguni. They are already known to us more 2,5 century. They were objects different research, but in these monuments still there are many studied problems.

The Turkish languages, one of them in kazakh language, the special place takes metaphors. About metaphors different sciences there are a lot of works. But a metaphor in language of works "Kutadgu Bilik " J. Balasaguni it isn't investigated, it is a subject it is very considerable in linguistics. Research of metaphors allow us to find out art consciousness of ancient Turkic peoples. To us allows to understand development the kazakskikh of metaphors. By means of a metaphor it is possible to define ancient knowledge of turkis, them and mythical consciousness. In structure of language the ethnocultural information system is kept. The art method has the direct attitude to custom, national colour of turkis.

Keywords: metaphor, nominative metaphor, figurative metaphor, cognitive metaphor.

Ж. Баласағұнның «Құтадғу билик» шығармасы тіліндегі көріктеу құралдың бірі – метафора (балау). Метафора жөнінде көптеген зерттеулер бар. Жеке ақын-жазушылардың тілдеріндегі метафоралық қолданыс жөнінде жазылған диссертациялар, монографиялық еңбектер бар. Метафораның жеке бір тілдің қолданысында қарау өте күрделі ізденісті талап етеді. Метафораның осындай күрделі айшықтау екендігін қазақ тілінің тілдік көрінісінде көрсеткен еңбек – Б. Хасановтың «Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралық қолданылуы» атты 1966 жылы жарық көрген зерттеу еңбегі. «Метафора – деп жазады ғалым, - мағына масштабын кеңейтетін, сөздің жаңаша қолданылуын туғызатын тәсіл» [1, 17 б.].

Ал тілші ғалым Ә. Болғанбаев «Өмірдегі зат пен құбылыстың сыртқы не ішкі ұқсастық белгілеріне қарай сөздің бірнеше мағынада ауысып қолданылуын метафора дейміз» - дейді [2, 22 б.].

Метафоралық сөз айшықтарын зерттеушілер сөз мағынасының кеңейуінің бұл тәсілінің негізі халықтың бай ауыз әдебиетінде жасалған деп көрсетеді.

Метафоралық қолданыстың сөздік құрамды байытып, дамытудағы қабілетін тану үшін, семантикалық-стистикалық тұрғыдан біріктіріп, өзара байланыста зерттеу керек. Б. Хасанов ана тіліміздегі сөздердің метафоралану арқылы сөздік құрамның байып, дамып тұрғандығын көрсете келіп, соның бір түрі ретінде қанатты сөздер мен афоризмдердің метафораға негізделуін көрсетіп, «афоризмдер – әлеуметтік өмірдің бай тәжірибесінің қайнап шыққан кең мазмұнды «тоқсан сөздің тобықтай түйіні», - деп жазады» [1, 7 б.].

Көне жазба нұсқаларындағы метафораларды қазіргі метафоралармен қатар қоюға болмайды, олар қазіргі көркем ойлаудың басты арналарына жатады. Г.Ж. Баялиева былай дейді: «Қазіргі қазақтың метафора желісінің басы ертедегі көне түркі жазба нұсқаларынан басталады. Көне түркі жазба нұсқаларындағы метафоралар сол тұстағы халықтардың тұрған ортасы, кәсібі, дүниетанымына тікелей байланысты. XI-XII ғасырлардағы жазба әдеби ескерткіштер тіліндегі сын есімнің метафоралар қолданысы көбінесе екі және үш буынды сөздерде байқалады [3, 58 б.].

Аз, көп емес (аз сараң-сараң, аз біліг «сарандық»).

Қышың аз – «қисық жол»,

Ақа-ақ (ақ қышың аз – «сенің ұнамды мінезің жоқ»),

Ақ оғлан – «лайықты ұл, ақ – «пейіл»

Кең –кең (көңлі кең - «жомарт»)

Сақ көңіл кең кэрэк – «жіті көз, сақ құлақ кең пейіл керек»

Кең алқығ – «теңіздей»

Кең тұт – «кеңпейілділік»

Метафоралық қолданыстар XI ғ. одан да бұрынғы көне түркі жазба ескерткіштер тілінде сөз мағынасын кеңейтудің ең өнімді тәсілі болғанын көреміз.

Метафора өзінің мәнінде, мағынасында образды ойлаудың өнімді тәсілі болып табылады. «Құтадғу билиг» ескерткішінің әр тарауында метафораның кездесу жиілігі әр түрлі, біркелкі емес.

Жүсіп дастанында түркі танымындағы дәстүрлі ұқсатулар (ассоциациялар) мол орын алған. Метафоралық қолданыс сөз қолданушының айырым танымының сол тілдегі мінезін жан-жақты бейнелейді. Жүсіп поэзиясынан метафоралық қолданыстардың өзіндік өрнегін байқаймыз.

Täñri/mәңір метафорасы «Құтадғу биликтің» 375-ші жолында берілген: *bu qadūy ičün bersü täñri tuǵan* пусть за это несчастье воздаст (тебе) бог (QVK 375₄) [4, 347 б.]. *Täñri* сөзінің көне түркі тіліндегі мағыналары мынадай: *Täñri* 1. Небо; 2. Бог, божество; 3. Божественный; 4. Повелитель, господин [4, 544 б.]. *Täñri* сөзі екінші ауыспалы мағынада метафораланған.

Qaliq/бұлт метафора. Өйткені бұлттың «жылжу, қалықтау» қасиеті негізінде «қалықтау» етістігінен екіншілік аталым «*qaliq*» (*бұлт*) пайда болған деп есептейміз. Аталған сөз мына жолдарда берілген: *qaliq qası tügti közi jas sacar* небо нахмурилось, из глаз его брызжут слезы (т.е. пошел дождь) (QBN 18₁₃) [4, 431 б.].

BaYir/бауыр метафорасы екіншілік аталымда «жүрек» мағынасында әрі *baYiri taş* «бауыр – тас» бейнелі метафора түрінде де жұмсалған: *bolu ber maǵa sen aja baYiri taş* согласись со мной, ты, чье сердце (букв. печень) – камень (QBN 140₂₀) [4, 78 б.]. Аталған сөздің «жүрек» метафоралы мағынасы «Құтадғу биликтің» 187, 192 жолдарында көрініс тапқан: *qadasqa baYir ber jaqinliq ula* с родными будь сердечен и близок (QVK 187₁₁) [4, 78 б.]; *baYirsiz tusulmas oYulda kogu / taruYči tususi örü* польза от добро-сердечного служителя больше / от бессердечного, беспомощного сына (QBN 192₃) [4, 590 б.]. Көне түркі сөздігінде *baYir* сөзі былай түсіндірілген: *BaYir* 1. Печень; 2. Живот, брюхо. 3. перен. Сердце; 4. Родственник кровный [4, 78 б.]. *BaYirsaq/бауырмал* екіншілік аталым метафорасы «Құтадғу биликтің» 91-ші жолында орын алған: *čiYaj tul jetimkä baYirsaq köñül* (он должен быть) милосердным в отношении бедных, вдов и сирот (QBN 91₂₉) [4, 259 б.]; *baYirsaq keräk qoiqa qoj kütčisi* чабан должен быть добрым по отношению к овцам (QBN 58₁) [4, 330 б.]. *BaYirsaq* сөзі 3-ші мағынаға сәйкес бауыр сөзінің туынды ауыспалы мағынасы болып табылады.

Kisilik – адамгершілік метафорасы мына жолдарда қолданылған: *kislik ücün at urundı kisi* из за человечности назван человеком (QVK 75₁₀) [4, 310 б.]; *uqusluY kisidin kelur* от разумного человека идет человечность (QBN 212 б.) [4, 310 б.]. Қазіргі кезде «кісілік» былай түсіндіріледі: «Кісілік – адамның тұлғалық жақсы қасиеттерін танытатын ұғым. Кісілік адамгершілік түсінігіне жақын мағынада қолданылады. Оған амандық, ізгілік, қайырымдылық, рахымдылық, ақылдылық, адалдық, әділдік, қанағатшылдық, кішіпейілділік, дербестілік, жауапкершілік, намысқойлылық жатады».

Сондай-ақ біліксіз кісілерді жылқыға (малға) балайды: *biliksiz ksilär tükäl jilqi ol* невежественные люди совершеннейшие скоты (QBN 67₁₇) [4, 267 б.]; *biliksiz kizig bilgä jilki atar* невежественного человека мудрый называет скотом (QBN 82₁) [4, 267 б.]. Көне түркі сөздігінде *jilqi* сөзін «мал» деген мағынамен түсіндіреді: *jilqi* 1) крупный скот, преимущественно лошади; 2) перен. скот, скотина (о человеке) [4, 269 б.]. Ал ақылсыз кісілер – жеміссіз ағашқа балаңады: *uquşsuz kisi ol jemişsiz jiYaç* человек, лишенный разумение, словно дерево без плодов (QBN 184₄) [4, 265 б.].

Сын есім негізді метафоралар да көрініс тапқан. *Қара* сын есімінің даму өрісінде «*халық*» метафоралы мағына жасалған: *qaraqqa bilig berti bilgä asuq danağei xalыққа ашық ақыл берді* (ҚБГ 41₁₈).

Етістікке негізделген метафоралар да кездеседі. Мысалы, *kesu* етістігінің даму өрісінде метафоралар жасалған. Алғашында *kesu* етістігі «өткір құралмен шорт кию, тілу, кесіп алу, тастау» мағынасына ие еді. Аталған сөздің даму барысында «сөз кесу» (сөзін бөлді) абстрактілі номинативтік метафора жасалған. Ол Жүсіп Баласағұн шығармасының мына жолында қолданылған: *sözin kesti qoptı adaqin örü / esänlästi ebkä jüz urtı körü* сөзін кесті, аяғымен тұрды, қоштасып үйге қарай жөнелді (ҚБГ 137₂₆); *sözin kesti acti ayi qaznaqi / üladi üküс neç süajlar haqi* сөзін кесті, қазынаны ашты / және көп заттарды кедейлер үшін бөліп берді (ҚБН 86₁₀). Сондай-ақ *sözüg qijisa/ сөзін қиса* метафорасының да бейнелілігі басым: *sözüg qijisa qijlur qasar qut* если [человек] нарушит слово, то счастье отворачивается и бежит [от него]

(QVK 302₂) [4, 441 б.]. Мұндағы *qasar qut* метафорасында абстрактілі ұғымға жан бітіре суреттеледі.

Жүсіп метафорасында жан-жануар, ағаш, тұрмыстық-салт, абстрактілі лексика да кездесіп отырады. Бейнелі метафораға *бөрі, қозы* сөздері жатады. Мысалы бейбітшілік өмірді бөрімен қозының бірге жүруіне ұқсатады: *acunluq belinkä batı qut qurı / qozı birlä qatlıp jorıdı böri* / елге құт қонып бақытқа кенелді / қозымен бөрі бірге жүрді (ҚБГ 47₃₆). *Ақыл-дос* бейнелі метафора Құтты біліктің 35₃ жолында қолданылған: *uqus ol sañar edgü andlıq adas* ақыл – ол саған ант берген мейірімді досың (ҚБН 35₃).

Сондай-ақ Жүсіп бәйіттерінде қызды «құсқа», оның ішінде «аққуға» балайды. Метафора әлемді танудың үлгісі, сондықтан ауысулардың жаңа түрлері Орхон-Енисей ескерткіштері үлгісімен жасалғандай көрінеді. Жүсіптің тілдік шеберлігіне әсер етуші фактордың бірі көне түркілік мол білім екені байқалады. Сол себепті кейде көне ескерткіштер сабақтастығы да метафоралық қолданыстардың мүшесі ретінде қолданылады.

Сақалды мұз, қырау жапты метафорасы да ұтымды жұмсалған:

Шашым құп-қу, селеу шөптей ағарды,

Сақалды – мұз, қырау жапты жанарды (ҚБ 5695).

Дүние сусыны – у метафорасы қолданылған: *jatarlıq turur dünja noşı aıu* опасен (этот) мир, его сладкий напиток- яд (QBN 151₈) [4, 378 б.]. Көне түркі сөздігінде *noşı* сөзінің мағынасын былай түсіндіреді: ош нектар; напиток вечности, эликсир жизни [4, 361 б.]. Ал *aıu* сөзінің мағынасы мынадай: *Aıu* I 1. Яд, отравы; 2. Ядовитость, ядовитое; II Чурбан, чурка, III Геогр. река [4, 24 б.].

Дүние – тікен метафорасы бар: *Тикән* ол уқушлуғда *дүнийя* толу Ардақ урса йерке кирүр сақланғу Ойлы адамға бұл дүние тола тікен Аяғыңды жерге қойсаң болды, кіреді, сақтанғайсың (ҚБ 180).

Дүние ісі – *сағым* метафорасы мына жолда қолданылған: *Сақығ ол көрү барса дүнийя иши* Дүние ісін тексеріп қарасаң – сағым (ҚБ 113).

Әдемі мінез – тамақ, киім метафорасы «Құтадғу биликтің» 152 жолында берілген: *Қылынч удзгү ерка йегү кедзүси / Әдемі мінез ерге әрі тамақ, әрі киім болады.*

Жамандықтар – зұлымдықтың ұрығы метафорасы берілген: *Қамуғ егрилар есиз уруғы болур / Барлық жамандықтар – зұлымдықтың ұрығы* (ҚБ 68).

Дүние ісі – *ойын* бейнелі метафорасы мына жолда көрініс тапқан: *bu dünja isı kör ojun / ojunqa qatılmä negäk bu ojun* смотри, дела этого мира – сплошная игра, эта игра? (QVK 354₁₇) [4, 434 б.].

Күнге қатысты *туя келді, жүзін шығарды* бейнелі метафоралық оралым «Құтадғу биликтің» 139-шы жолында орын алған: *тоға keldi örlär čıqardı jüzin* (солнце) появилось, взошло, показало свой лик (QBN 139₃₀) [4, 389 б.].

Шыншылдық – байлық, ақша метафорасы «Құтадғу биликтің» 154-ші жолында орын алған: *könilik mün ol* честность – это капитал (QVK 154₁₃) [4, 352 б.].

Negü kelsä tapla kör edgü esiz / bojun ber qazaqa köni tut aYız мирись, что бы ни случилось – хорошее или плохое, при (злой) участи считай шею, (но) речь держи правдивой (QVK 68₇) [4, 439 б.] деген жолда жақсы мен жаманды мойынға балайды.

Kuik – дәулет метафорасы мына жолда берілген: *kejik sanı дәvlät kisidin kezik* считай счастье оленем, убегающим от людей (QBN 39₁₃) [4, 305 б.].

Ақыл – арқан бейнелі метафорасы көрініс тапқан:

Ақыл – арқан: күз, шыңырау, құзарда

Шыбын жаның сол арқылы ұзарған (ҚБ 592 б.).

Ақылсыз – өлік метафорасы «Құтадғу біліктің» 91-жолында жұмсалған: *uqussuz ölüg ol uquşluY tirig / uqus munça teñliq adırtlar erig* неразумный – мертвый, разумный – живой / подобным образом разум разделяет людей (QVK 91₁₀) [4,12 б.].

Автор ақылды кейде ордаға балайды: *bilig kimja teg ol neñ irklü turur / uqus ordusı ol neñ üklü turur* знание как эликсир, [вокруг него] все собирается, / разум – его дворец, [внутри него] все скапливается (QBN 34₁) [4, 624 б.].

Үміт пен қорқынышты екі қанатқа балайды: *käza xavf bu iki qanat sanı ol* надежда и страх как два крыла (QBN 268₁) [4, 637 б.].

Метафораға негізделген эпитеттер де баршылық. Мәселен, *асіу söz/ашты сөз* (адам жанына бататын сөз, қатты сөз) эпитеті жұмсалған: *tügük жүз асіу söz kisig tumlütur* қатал жүз ашы сөзді адам түңілдіреді (ҚБГ 94₃₁); *ата сөзі – қант шекер* бейнелі метафорасы 5150 жолда жұмсалған:

Өсиетін айтты атаң кетерде,

Ата сөзі – тұтсаң – қант, шекер де! (ҚБ 5150).

Алау еді (ол алау еді) метафорасы мына жолда берілген: *jula erdi* халққа қараңғу түні он был факелом для народа в его темную ночь (QBN 12₄) [4, 278 б.].

Аш бөрілер – адам бейнелі метафорасы сәтті қолданылған:

Сені қалың *аш бөрілер* торып жүр,

Ей, ел ері, қойды қатты қорып жүр (ҚБ 5160).

Адам – сиыр метафорасы мына жолда берілген: *Jorı ud atanma kişilik qıl-a* букв поступай человечно и не зовись «коровой» (QBN 169) [4, 605 б.].

Күн еңкейіп, жерге жүзін жасырды ұлғаймалы метафорасы көрініс тапқан:

Күн еңкейіп, жерге жүзін жасырды,

Көк күмбезі ізін қуып асылды (ҚБ 6210).

Күн сөзімен қатысты *kün qadas/туысқан* метафорасы жасалған: *men bü kün qadasıñya barğum kelür örtügün* я сегодня хочу отправится тайком к моему родственнику (QBN 161₁) [4, 295 б.]. Мұнда *күн* сөзінің бейнелілігі басым деп айтуға болады. Сондай-ақ күнді рим қызына балаған метафораны кездестіруге болады: *kuzäk jazdı rumi qızı örtti жүз* румийская девица (т.е. солнце) распустила локоны, закрыла лицо (т.е. наступила ночь) (QVK 289₁₅) [4, 250 б.].

Қорыта айтқанда Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білігі» шығармасы қазақ жазба әдебиетінің тарихынан үлкен белесті орын алатын ұлттық мұрамыз. Сондай-ақ ежелгі түркі тіліндегі классикалық поэзияның тұңғыш үлгісі. Философиялық толғамдарымен де, метафоралы ойлау ерекшелігімен де шеберліктің ең үздігі ретінде бұл ауқымды дастан сол дәуірдегі өнер өресін, көркемдік таным мен ой-сананың биігін аңғартады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Хасанов Б. Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы: Мектеп. – 1966.
2. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы: Санат. – 1988.
3. Баялиева Г.Ж. XI-XII ғасырлардағы жазба әдеби ескерткіштер тіліндегі сын есімдер. Фил.ғыл.канд. дисс. – Алматы, 2003.
4. Древнетюркский словарь. - Ленинград., 1969.